

ӨЗЕН



№9 (66) қыркүйек 2021 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Жиналыс

Ішкі коммуникация мәселесі талқыланды



«Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік ғимарат мәжіліс залында сервистік қызмет көрсететін мекемелер директорлары қатысқан жиналыс болып өтті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мамандары қатысқан шараның негізгі мақсаты-биылғы жылы орын

алған жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы еңбек дауының себебін талдап, алдағы уақытта келеңсіз жағдайды болдырмау болып табылады.

Жиналыста сөз алған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әлеуметтік өзара ықпалдастық және және коммуникация орталығы бас директоры Өмірзақ Елдос аталған мәселе туралы өз ойын ортаға салды.

«Әрбір мекеме басшысы үшін еңбек ұжымы бірлігі мен тыныштығы маңызды. Басшы мен қарапайым жұмыскер қарым-қатынасы әрқашан бірінші орында тұруы тиіс. Кез келген

ұжымда корпоративті ынтымақ, ықпалдастық, бірлік идеясы ең басты аспект болу керек. Жапонның ежелгі Ата заңында «адамның артықшылығы-қайшылықты болдырмауы» деп жазылған...

Еңбек ұжымындағы қал-жағдайды көзбен көріп, халықпен бетпе-бет кездескеннен басшы беделі артпаса, кемімейді. Өзара түсінісіп жұмыс істеу үшін басшының да, қосшының да оқуына мүмкіндік жасау қажет. Мақсат ортақ, ел ортақ, мүдде ортақ. Сондықтан бізге эмоциядан гөрі сабырлы, салиқалы әңгіме, мәміле керек»-деді бас директор Есен Өтеев.



Жедел желі іске қосылды

2021-жылдың 28-маусымынан бастап, KPMG Жедел желі операторы ретінде іске қосылғанын хабарлаймыз.

Кез келген тұлға жұмыс орнында орын алған құқық бұзушылық, еңбек ұжымындағы келеңсіз жағдай мен қитұрқылық әрекеттер туралы өтініштерді қазақ, орыс, ағылшын тілінде бере алады:

8-800-080-47-47 телефон нөмірі бойынша (ҚР аумағы бойынша қоңырау шалу тегін);

**mail@sk-hotline.kz электронды поштаға;
www.sk-hotline.kz интернет-порталы арқылы;
8 (771) 191-88-16 уатсап арқылы;**

Жедел желі тәулік бойы «24/7» режимінде жұмыс істейді. Оператор телефон қоңырауын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Демалыс, мереке күндері өтініштер авто-операторға түседі.





Жағымды жаңалық

Қамкөңіл балалар үшін инклюзивті спорт секциялары ашылды



Рахмет Өтесінов атындағы дене шынықтыру сауықтыру кешенінде қамкөңіл балалар үшін бочча мен адаптивті жүзу инклюзивті спорт секциялары ашылды. Салтанатты шараға қала әкімі Мақсат Ибағаров, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының меморгандармен байланыс және әлеуметтік жобаларды басқару жөніндегі орынбасары Бауыржан Мәмбетсапаев, қалалық мәслихат



хатшысы Тимур Мұсаев, қала әкімі орынбасары Жаңабай Аймағанбетов қатысып, бочча бойынша ұйымдастырылған ашық мастер-класты тамашалады. «Бочча-бұл паралимпиадалық спорт түрі. Спорттың бұл түрі адамның физикалық және ойлау қабілетін дамытып, Қазақстанның Паралимпиадалық құрамасы үшін резерв дайындауға мүмкіндік береді»-деді Б.Мәмбетсапаев.

Аталған жобаның «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «KMG EP-Catering» ЖШС Маңғыстау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы, «Өзенмұнайгаз» АҚ және Жаңаөзен қаласының әкімдігі қолдауымен «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық ұйымы іске асыратын «Саламатты болашақ» жобасы шеңберінде ашылғанын айта кеткен жөн. Инклюзивті секциялар қамкөңіл балалардың өмірге деген құштарлығын оятайып, өзара түсіністік пен толерантты қарым-қатынас орнатуға септігін тигізері сөзсіз.



Замандас бейнесі

Геология саласының сардары

Біз сөз еткелі отырған Сәтқалиева Гүлнар Серікқалиқызы 1961 жылдың 19-қазанында Атырау қаласында дүниеге келген. Әкесі Сәтқалиев Серікқали Сәтқалиұлы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау селосындағы орта мектепте физика-математика пәндері бойынша білім берген. Қазақ ССР еңбек сіңірген мұғалімі. Анасы Сәтқалиева Оралай Нығметқызы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау селосындағы орта мектепте физика-математика пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқарған.

Гүлнар Серікқалиқызы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау селосындағы мектепте орта білім алып, 1980-жылы Қазақ политехникалық институтының «Мұнай мен газ кен орындарын қазудың технологиясы және комплексі механикаландыру» факультетіне түседі. Аталған институтты 1985-жылы тәмамдап, тау кен инженері мамандығын алып шықты.

Өзінің еңбек жолын Гүлнар Серікқалиқызы 1985-жылы

«Узеньнефть» мұнай газ өндіру басқармасы зерттеу цехында оператор болып бастады. 1987-1990жж аралығында сол цехтың ғылыми-зерттеу лабораториясы инженері қызметін атқарды. Осы салада қызмет көрсеткені үшін бірнеше рет алғыс жарияланып, құрмет тақтасына енгізілді.

1990-2001жж аралығында №3 МГӨЦ, №2ҚҚСЦ, №2 МГӨЦ, №5 МГӨЦ-терде жетекші геолог қызметін атқара жүріп, Гүлнар Серікқалиқызы Өзен кен орнының игеру жүйесін мейлінше оңтайландыру, жаңадан бұрғылаудан шыққан ұңғымаларды қазу жұмыстарына белсене араласу жұмыстарымен айналысты. 2001 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның филиалы ғылыми тәжірибелік өндірістік басқармасы геология бөліміне жетекші инженер-геолог ретінде жұмысқа қабылданып, ұйымдастыру қабілетінің арқасында 2002-2003 ж.ж. аралығында сол бөлім бастығы қызметіне көтерілді.

2003-2008жж аралығында Қабаттың мұнай бергіштігін арттыру, Инновациялық технологиялар және Бұрғылау жұмыстары

мен КЖЖ департаменттерінде геология бойынша бас маман қызметін атқарып келді. Осы салада қабаттың мұнай бергіштігін арттыру мақсатында инновациялық технологияларды енгізу, талдау, көптеген сынақтар жүргізу, тиімділігін анықтау секілді маңызды жұмыстармен айналысып, Гүлнар Серікқалиқызының қатысуымен көптеген жаңа ұңғымалар бұрғылаудан іске қосылып, еліміздегі мұнай газ саласының қарқындап дамуына орасан зор үлес қосты.

Өзінің еңбекке деген сүйіспеншілігі, еңбекқорлығы мен біліктілігінің арқасында 2008-2012жж аралығында №1 МГӨБ бастығы геология және игеру жөніндегі орынбасары, яғни бас геолог, 2012-жылдан бастап №4 МГӨБ директоры геология және игеру жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді. Бұл қызметте еліміздің мұнай газ саласының дамуына, өркендеп өсуіне атсалысып коюмен қатар жас мамандарды дайындап, оларға қолдау көрсетіп келеді.

Өндірісте 36 жыл ерен еңбек етіп, көпшілік ілтипатына бөленіп жүрген Гүлнар Серікқалиқызы-

ның басшылық тарапынан алған Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталары өте көп. Майталман маман 2011-жылы Геологтар күні кәсіби мерекесіне орай ҚР Геология және жер қойнауын игеру комитетінен Алғыс хат, Маңғыстау мұнайының 50 жылдық мерекесіне орай «ҚазМұнайГаз» ҰК-нан Алғыс хат пен мерекелік төс белгімен, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 50 жылдық мерейтойына құрметіне бас директордың Алғыс хатымен және Маңғыстау облысы әкімі Құрмет грамотасымен марапатталды. 2015-жылы «Жылдың үздік мұнайшысы» атанды. Сонымен қатар, Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерекесіне орай төс белгімен, «Кәсіподақ жұмысына қосқан үлесі үшін» Құрмет белгісімен және мұнайшы үшін ең бағалы құрмет «Қазақстан республикасының мұнай-газ және энергетика кешенін дамытуда мінсіз қызмет атқарғаны және көп еңбек сіңіргені үшін» «KAZENERGY» қауымдастығы төс белгісімен марапатталды.

Гүлнар Серікқалиқызы — отбасында 2 бала, 5 немере тәрбиелеп отырған ардақты



Өзекті мәселелер талқыланды

«Өзенмұнайгаз» АҚ акт залында «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу» тақырыбы бойынша жиналыс өтті. Жиын мақсаты-діни экстремизмнің алдын-алу және теріс ағымдарға тосқауыл қою жолында діни сауаттылықты арттыру болып табылады. Шарада діни экстремизм мен терроризмнің ең өзекті мәселеге айналғаны, жастардың әлеуметтік желі кесірінен әртүрлі кереғар діни ағымдардың шырғауына түсіп жатқандығы, әрбір азаматтың қоғам тыныштығы үшін діни экстремизмге табанды түрде қарсы тұрып, еліміздің нығаюына, ұлтаралық және дінаралық татулықтың сақталуына атсалысуы тиіс екендігі сөз болды.



ана, сүйікті әже. Балалары өте тәрбиелі, жоғары білімді, әрқайсысы сүйікті кәсібімен айналысып, ел игілігі үшін әр салада жемісті еңбек етіп жүрген жайы бар.

Отбасы мен қоғамға қызмет көрсетуден ләззат алып, еңбексүйгіштіктің үлгісін көрсетіп жүрген Гүлнар Серікқалиқызын мерейлі 60 жасымен шын жүректен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, бақытты да баянды ғұмыр, бақ пен дәулет, құт пен сәулет тілейміз.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

№9 (66) қыркүйек 2021 жыл



Менің мекемем

№3 Мұнайгаз өндіру басқармасында 8 цех бар. Оның төртеуі мұнайгаз өндіреді, біреуі қабат қысымын сақтайды. Одан басқа жерасты жөндеу жұмыстарымен айналысып, өндіріске қызмет көрсететін

және зерттеу жұмыстарымен айналысатын цехтар бар. «Біздің міндетіміз - мұнай өндіру, скважиналардың кідіріссіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету. Осы бағытта 16 инженер-техникалық қызметкер және 85

жұмысшы күнделікті жүктелген тапсырмаларды тиянақты атқарып келеді», - дейді №5 мұнайгаз өңдеу цехы басшысы міндетін атқарушы Ақтүгел Байқұлов.

Бірлігі жарасқан берекелі ұжым



техниканы меңгеру үшін мамандарды оқытып, жетілдіріп отыру жақсы жолға қойылған.

«Мұнайгаз өндіру саласын дамытуға сүбелі үлес қосып, қажырлы еңбек еткен ағаларымыз Мұрат Құрбанбаев, Қалдыбай Төлекешов, Қайрат Өтенов, Ғабит Әбенев сынды майталман мұнайшылар еңбек жолын бастаған цехта еңбек етіп жүргеніме разымын», - цех басшысы орынбасары міндетін уақытша атқарып жүрген Ақмұрат Күмісбаев.

Ұжымның бірлігі мен берекесін сақтап, мұнай

өнімділігін арттыру үшін жемісті еңбек етіп жүрген мамандар да жетерлік. Мәселен, №77 топтық қондырғысы шебері Қорабай Жаңабаев, №76 топтық қондырғы аға операторы Талғат Нұқасымов, №76/81 топтық қондырғы шебері Елеусін Ғаниятов, оператор Оразгүл Сәдуақасова, аға оператор Бектеміс Шуақбаев, №82/80 топтық қондырғы шебері Толыбек Жолдыбаев, №82 топтық қондырғы операторы Құралай Тұрсынәлиева, № 80 топтық қондырғы операторы Дина Қазбаева, үйлестіруші Ақзер Жұмабаеваларды мұнай саласында абыройлы еңбек етіп жүрген еңбекқор мұнайшылар.

Аталған цехта «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырған 2018, 2019-жылдар «Үздік маман» байқауының жүлдегерлері №80/82 топтық қондырғы шебері Нұрсерік Нәрембаев пен аға геолог Руслан Аманшиев еңбек етеді.

«Цех жұмысы күрделі. Өндіріске қызмет көрсету-бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Мен еңбек жолымды қарапайым операторлықтан бастап, технолог лауазымы-



на дейін өстім. Бүгінде шебер болып еңбек етіп жүрмін. 2018-жылы елімізде, 2019-жылы Татарстанда өткен «Үздік маман» байқауына қатысып, жүлдегер атанып, компания намысын абыройлы қорғап келдім. Әрбір маман өз кәсібі қыр-сырын жетік меңгеруі тиіс», - дейді Нұрсерік Нәрембаев.

«Тасты тесетін тамшының күші емес, оның үздіксіз тамып тұруы» - деген тәлімді тәмсіл бар. Басқарма еңбек ұжымының күнделікті мүлтіксіз атқарып жүрген ісі-табыс пен берекеге апарар төте жол.

Кәсібіне құрметпен қарап, маңдай терін төгіп, ел үшін өнімді еңбек етіп, биіктерден көрініп жүрген цех ұжымына Алланың нұры жаусын!



ҮКІЛІ ҮМІТ

ТАЛАПТЫҒА НҰР ЖАУАР



№1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы жұмыскері Жалғас Бекайдаровтың ұлы Нұрлыбек Қадыров болашағынан үсіт күтіріп жүрген жас спортшы.

Жас ұлан волейболдан облыстық чемпионатта 2006-2007 ж.т. жасөспірім ұлдар арасында Жаңаөзен қаласы іріктеу турнирінде I орынға ие болып, Жаңаөзен қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысы Дипломымен марапатталды. Сондай-ақ, ҚР Тәуелсіздігі 30 жылдығы аясында волейболдан 2005-2006 ж.т. жасөспірім ұлдар арасында Жаңаөзен қаласы іріктеу турнирінде I орын иеленді.

«16 желтоқсан — Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай волейболдан 2005-2006 ж.т.

жасөспірім ұлдар арасында БЖСМ ашық біріншілігінде жүлделі I орынды алып, арнайы Дипломмен марапатталды. ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне орай волейболдан 2005-2006 ж.т. жасөспірім ұлдар арасында БЖСМ ашық біріншілігінде «Үздік ойыншы» номинациясын жеңіп алып, жеңімпазға арнайы диплом табысталды.

«Нұрлыбек Қадыров №2 орта мектепте оқиды. Ол кішкентай кезінен бастап спортқа жақын болды. Аманшылық болса, Нұрлыбек әлі талай дүбірлі додаларда Қазақстан туын желбіретіп, ел намысын қорғайтын болады», - дейді баланың бапкері, №2 орта мектеп дене шынықтыру пәні мұғаллімі Азамат Тұрмағанбетов.

Бетті дайындаған Айнагүл Күшікбай



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>



Басты байлық

Эпидахуал жақсарып келеді

Денсаулық сақтау министрлігі мәліметі бойынша індет жұқтыру- кезекті шарықтау шегінен өтіп, елімізде эпидемиологиялық ахуал жақсарып келеді. Екпе салдырғандар қатары да күн санап артып отыр. Айта кетейік, Қазақстанда екпе алған 20 мыңнан астам адам коронавирус жұқтырған. Оның ішінде 7070 адам вакцинаның бірінші компонентін алғаннан кейін індетке шалдыққан. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті өкілдері елде корона-вирус жұқтырғандардың 99,9 пайызы вакцина алмағанын айтады.

5-қыркүйектен бастап елімізде тұмауға қарсы егу басталуына байланысты, Қазақстан тұрғындарының 13 процентін қамтитын бюджет қаржысы есебінен Ресейде шығарылған вакцинаның 2,5 млн дозасы сатып алынды. Медицина мамандары соңғы 5 жылдан бері қолданыстағы «Гриппол+» екпесінің тиімділігі өте жоғары екендігін айтады.

Эпидемиологиялық талдау бойынша ҚР аумағында 2021-жылдың 7- қазанға дейін өсу санымен алғанда 898 225 адам коронавирус инфекциясына шалдыққан. Өткен тәулікте 2063 жаңа жағдай тіркелді. 2021-жылғы 7- қазандағы жағдай бойынша Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес:

Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары «қызыл» аймақта;

Шымкент қаласы, Атырау, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай,



Батыс Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары «сары аймақта»;

Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда облыстары «жасыл аймақта»;

Маңғыстау облысында 2020 жылдың 27 наурызынан бастап 2021 жылдың 07 қазанына дейін 22 964 коронавирус инфекциясы тіркеліп, оның ішінде шағыммен – 14 033 (61,1 %) жағдай, шағымсыз – 8 931 (38,8 %) жағдай анықталды. 100 000 халық санына шаққандағы көрсеткіші 3116,70 құрады. Маңғыстау облысы 20 қыркүйектен бастап «жасыл аймаққа» енгізілді.

Өткен аптада (23.09.-29.09.2021ж..) 96 жағдай тіркелсе, соңғы 1 аптада 30.09. – 06.10.21ж. аралығында короновирус инфекциясы 61 жағдайы тіркеліп, өткен аптамен салыстырғанда аурудың деңгейі -1,5 есеге төмендеді.

Маңғыстау облысы бойынша 147 мектепте 167 650 оқушы оқиды.

Оффлайн оқу форматында оқитын оқушылар саны – 166 815. Денсаулық жағдайына байланысты 835 оқушы онлайн оқиды.

1-қыркүйектен жаңа оқу жылынан бастап оффлайн оқу форматымен оқитын оқушылар арасында 74 оқушы КВИ бойынша тіркелді.

2021-жылғы 6-қазанға дейін Қазақстанда коронавирус инфекциясына қарсы вакцина 1-компонентін 7 766 146 адам, 2-компонентін 6 756 266 адам салдырды. Облыс көлемінде 2021 жылдың 3 ақпаннан 7 қазан аралығында 1- компонентімен 158 306 адам (45,1 %), 2-компонентімен 136 344 адам (38,8 %) екпемен қамтылды.

Бүгінгі күні Маңғыстау облысы короновирусқа қарсы Гам Ковид Вак (Спутник V), КазВак , КоронаВак, Vero Cell деп аталатын вакцинаның 4 түріне қол жеткізуді қамтамасыз етті. Алдағы уақытта «Файзер» жеткізіледі деп күтілуде.



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Өзен 5

№9 (66) қыркүйек 2021 жыл



Маңғыстау мұнайына 60 жыл

Түбекті түлеткендер



Әділ Нұрманов

Әділ физика, математика, химия пәндерін жақсы оқыды. Талабы таудан жас жігіт мектепті бітірісімен «геолог боламын» деп Алматыға аттанады. 1952-жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың геология факультетін бітіріп, инженер-геолог мамандығын алып шығады. Еңбек жолын 1957-жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінде бастайды. Жігерлі де еңбекқор азамат 1967 және 1986-жылдары Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы университетте өндіріс басшылары мен бас мамандардың мамандығын көтеру курсы үздік бітіреді. Патриот азамат 45 жылдан астам уақыт мұнай мен газ кендерін ашу жолында геологиялық іздестіру-барлау жұмыстарын тынбай жүргізді. Ел үшін ерен еңбек еткен ердің еңбегі ескерусіз қалмады. Ол «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Кен барлау ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. Әділ-ел болашағы үшін жаны ауыратын, өз ісінің майталман маманы бола білді.



Санақ Таянов

Гурьев облысында дүниеге келген Санақ 1963-жылы Маңғыстауға келеді. Ол Бозашы түбегінде бірінші болып мұнайдың «қара алтынын» жер бетіне шығарып, ел игілігіне айналдырған құрметті азамат. Маңғыстау өңірінің гүлденуіне ерен еңбек сіңіріп, ел құрметіне бөленді.

Ең үздік бұрғылау шебері атанған Санақ Таянов Төлеген Айбергенов ақын жырлаған «қара дарияны табанының астына салып, мұнаралар тайгасын өз қолымен орнатқан» саңлақтардың бірі әрі бірегейі. Күн демей, түн демей еңбек еткен Санақ «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталды.



Жетпісбай Есенжанұлы

Жетпісбай ҰОС ардагері. Ұйымдастырушылық қабілеті мол, іскер азамат. Адам өмірінің мәні ел үшін еткен еңбегімен бағаланады. Ол тапсырылған істі аса жауапкершілікпен тиянақты орындады. Жолдастары оны жұмыс десе ішер асын жерге қоятын еңбекқор азамат ретінде құрметтеп, қадір тұтты.

Жетпісбай Есенжанов Атырау мен Маңғыстау облысы экономикасы мен мәдениетін дамытуға, мұнай саласының дамуына қомақты еңбек сіңірген абзал азамат. Майталман жан «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше мемлекеттік медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, КСРО Мұнай өнеркәсібі



министрлігі Құрмет грамотасымен марапатталды. Оның еңбек жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге.

Ұзақбай Әділов

Ұзақбай Атырау қаласындағы Жамбыл орта мектебін 1954-жылы үздік бітіреді. Ол 1955-жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия политехникалық институтын «Өндірістік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша тәмамдап шығады. Еңбек жолын Гурьев қаласындағы «Қазақстанмұнай-құрылыс» тресінің №7 құрылыс шебері болып бастайды. Күнұзақ құрылыс басында жүретін жігіт үйіне тек ұйықтауға келіп жүрді. 1967-жылы Ұзақбай басқарған «Қазақстанмұнайфизика» тресі облыстық Құрмет тақтасына жазылды. 1981-жылы «Маңғыстаумұнайгазқұрылыс» тресінің №7 құрылыс-монтаж басқарма бастығы лауазымына



тағайындалды. Мұнайлы өлкеде білікті құрылысшылар қолынан шыққан сәнді де сәулетті құрылыс нысандары бой көтере бастады. 1984-жылы Ұзақбай аталмыш трестің бастығы болды. Бақытты шаңыраққа Майя, Марат, Мәлика атты ұрпақ дүниеге келіп, әке-шешені қуанышқа кенелтті. Абзал азамат диплом, Құрмет грамотасы, Алғыс хатпен марапатталды.



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>



Алғашқылар

Өнегелі өмір

Тілекбай Төлегенов бұрынғы Гурьев облысындағы Маңғыстау ауданы, Жармыш ауылдық кеңесіне қарасты №11 ауылда 1941-жылы 10- қыркүйекте дүниеге келген. Жұбайы Жәмихан Айтуарова 10 баланы жарық дүниеге әкелген алтын құрсақты ана. Ол 1983 -жылы Мәскеу қаласы Совет Одағы Жоғарғы Президиум бұйрығымен «Батыр ана» орденімен марапатталды.



Қадірлі азаматқа Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 -жылғы 27-желтоқсандағы №18/270 шешімі бойынша «Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Еңбек жолын 1959 -жылы Гурьев автотресіне қарасты №12 Таушық автобазасында шопыр болып бастаған Тілекбай 1960-жылы Маңғыстау аудандық комсомол конференциясына делегат

болып қатысады.

«1961 -жылдың сәуірінде №12 Таушық автобазасында шопыр болып жүргенімде, мені бастық Жетібай аулына іссапарға жіберді. Астымдағы су жаңа Газ-51 №25-26 ГУ көлікпен жұмысқа қатынаймын. Бір күні таң алдында №6 скважина шебері Николай Петров дегенді көлікке мінгізіп, скважинадан мұнайдың фонтан болып атқылап тұрғанын көргенімді мақтанышпен айта аламын»-деп еске алды Тілекбай Қаниұлы алыста қалған күндерді...

Еңбекқор жан №3 Жетібай ав-

ілінді.

1978-жылы «Жаңаөзен қаласы құрылғанына-10 жыл» аясында өткен салтанатты жиынның құрметті қонағы болды. Қазақстан Компартиясы қалалық комитеті, Халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитеті болды.

1979-жылы Тілекбайға «Өзен поселкелік советінің депутаты» куәлігі табысталды.

Белсенді азамат бірнеше рет Жаңаөзен-Қызылсай поселкелік депутаты болып сайланды.

Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау облысы дамуына қосқан өлшеусіз



тобазасында, №5 Новоузенское АТП-5 автобазасында көп жылдары еткен абыройлы еңбегі үшін бірнеше рет Алғыс хат, төсбелгілермен марапатталды.

Қалалық «Құрмет тақтасында» оның есімі жазылып, фотосы

үлесі үшін қала, облыс әкімдерінің Алғыс хат, төсбелгілерімен сан мәрте марапатталды.

ОЛ ӘКЕСІН КӨРГЕН ЖОҚ

Тілекбай Төлегеновтың әкесі Қани (1910-1942жж.) Ұлы



Отан соғысына аттанып, елге оралмаған боздақтың бірі.

Қани Ылиев 1942-жылдың тамызында әскер қатарына шақырылаған болатын. Қайран әке қан майданға аттанарда «Мен соғыстан оралсам да, оралмасам да осы бала саған аманат!» деп әлі бір жасқа да толмаған Тілекбайды інісі Төлегенге табыстап кетеді. Қани сол кеткеннен мол кетті. Ол 1942- жылдың желтоқсанында Сталинград түбіндегі сұрапыл шайқастардың бірінде ерлікпен қаза болады.



ОРНЫНДА БАР ОҒАЛАР

Тілекбай ақсақал мен Жәмихан ана бұл күндері ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған, адал еңбектерінің арқасында ел құрметіне бөленген абыз ақсақал, ақ жаулықты ана. Болған іске болаттай берік болып, сағы сынбаған Тілекбай ақсақалдың өмір жолы тұнып тұрған өнеге. Анасынан 21 жасында айырылып, әкесін мүлдем көре алмаған, балалық шағы сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келген кешегі жетім бала Тілекбай ақсақалдың өзінен өрбіген ұрпақтың өзі үлкен бір ауылға айналды. Ендігі жас тек қана қуаныштың жасы болары сөзсіз. «Орны бар оңалар», - деп қазақта бекер айтпаған.

АЙНАГҮЛ КҮШІКБАЙ





Қаламқастың өкпесі қара қазандай... Кімге дейсіз ғой?! Байына... Кеше аға-жеңгесінің үйіне қонаққа барып, көңлі нілдей бұзылып келді. Өзін адамның қоры сезінді... Ет жеп отырғанда жеңгесі қолындағы гауһар жүзігін көрсету үшін оң қолын сілкілеп сөйлеп, онсыз да жұқарып жүрген нервісіне тиді. О бастан қызылшыл Қаламқас гауһар жүзіктен көзін ала алмай, жыланға арбалған кежектей пұшайман күй кешті.

Осы байын сүймесе де, «сабақты жақсы оқиды, болашақта жақсы тұратын шығармыз» деп өзі жабысып тиіп алып еді. 327-ні 159-ға көбейт десең ойланбастан сарт еткізетін еркегі нан таппайтын ынжық болып шығар деп кім ойлаған... Еш жерде тұрақтамады...

Өзі сөйтіп жүріп ақыл айтқыш. Өткенде, дімкәс, әлжуаз көршісіне «ауру тісті жұлып тастап құтылған жақсы. Нәкәс қатыныңнан ажырасып құтыл» деп ақыл айтып отырғанын естіп, не күлерін, не жыларын білмеді.

Көлік құрастыратын цехта 40 жыл жұмыс істеп, үнемі қолы май-май болып жүретін әкесі жарықтық, жатып ішер күйеубаласына көңлі толмай «осының бөлшектері сау емес, ремонт қажет» деп кекетіп отырушы еді...

Соңғы кезде қонаққа барса, ізінен шұбырып келіп, дастарқандағы жылы-жұмсаққа жыртқыш құсша шүйлігетін балаларынан қысылатын болып жүр... Ал байдың қаперіне де кіріп-шықпайды... Қолынан келетіні кіжініп боқтау ғана... Ішкен-жегенімен қоймай, балалары қалталарын томпайтып шығады.

О бастан оқу мен тоқуға шорқақ Қаламқас жылда біреуін туып, үйін баладан толтырып тастады. Енді бұларды бағу, қағу проблемаға айналып отыр. Күнұзақ үйде отырған бұған көршілері-ақ үйір.

Кешетөменгі қабаттатұратын

Гауһар жүзік

(әңгіме)



кітапханашы қыз «махаббат есімді алды. Соны көрсем, жаным жадырап, жүрегім жай табады, өмір сүргім келеді» деген сықылды қияли әңгімелер айтып кетті... Отыздан кетсе де, кітап пен киноға «тойып алып» махаббат туралы әңгіме айтып жүрген кәрі қызға Қаламқас таңдана қарады да, пайдасыз әңгімесін одан әрі тыңдағысы келмей, ұзақ есінеп алды да, төргі бөлмеге кіріп кетті...

Бір айдай уақыт өтсе де, келіншектің есінен гауһар жүзік пен жеңгесінің өзіне астамсып қарағаны шықпай қойды. Қараптан-қарап отырып, сөйлегенді ұнатпайтын, қозғалуы қиын, мұрнының астынан түсініксіз нәрсені ыңылдап отырған енесіне тиіскісі келді. Кезекті жұмысынан шығып қалған, онысымен қоймай «ит

өмірден шаршадым, ит те, құс та қоқаңдайды»-деген күйеуін жек көріп кетті.

Тамаққа ақша таба алмағасын, күнімен-түнімен тігін тігіп, аулына ақша салып тұратын Зәмира деген өзбек қатыннан өлердегі сөзін айтып, 2 мың теңге қарыз сұрап алды.

Жоқшылық шаршатса керек, соңғы кезде келіншек өзімен өзі сөйлесетін болып жүр. Арасында ауырып, жатып қалатынды шығарды. «Жүрегім сезіп отыр»-деп көрінген заттан күмәнданып, көрген түсінен секем алып, жаман ырымға жоритын болды. Байы ішіп келіп, адамға тесіле қарап, шегелеп сөйлеп, «досқа күлкі, дұшпанға таба қылып» шыбын аулап жейтін әдет шығарды.

Қаламқасты жастық шақтың өтіп бара жатқаны мен алдан

күтіп тұрған ештеңенің жоқтығы қажытты. Өзін үйінен шығып кетіп тұманда адасып кететін мультфильмдегі кішкентай кірпі сияқты сезінеді. Айнаға қараса сұйыла бастаған шашын көріп, көңлі түседі. Ескірген диванға ұзынынан жатып алады. Бүкіл өмірі көз алдына келеді, күйеуі екеуінің бір-бірін сүймей қосылғанын ойлайды. Қаздай қалқып, үйректей мамырлап жүріп, жылда ел асып, жер асып саяхаттап кететін аға-жеңгесіне қызығады.

Бірде не де болса дәл жеңгесінің жүзігіндей жүзік алмақшы болып, ағасынан қарызға ақша сұрап көріп еді. Ағасы кіржиіп, «тас төбеден төніп шыжғырып тұрған мына ыстық күннің астында жеті қат жер қойнауынан май өндіру оңай деп кім айтты саған?! Саған кеткен ақша құмған сіңген сумен тең. Ана пәлсапа соққаннан басқа қолынан түк келмейтін байың ол ақшаны қайдан табады»-деп дүрсе қоя берді. Бұл ағасының үйіне жердің бетімен барып, астымен қайтты.

Базарда тұратын кластасы Мәрзияға барды. Ол байы кетіп қалып, қайғырып жатыр екен. Мыжың қатын «бұл өмірде бәрі қайталанады. Ғашық боласың, қайғырасың, байға тиесің, ол көзіңе шөп салады, жек көріп кетесің, енді сен көзіңе шөп саласың. Есеп 1:1 болады. Уақыт өте келе, естелікке айналады. Сосын «бәлду-бәлду бәрі өтірік болады»-деп басын шыр айналдырып жіберді.

Үйге келсе, теледидардан қызылды-жасылды отшашулардың астында Астана туған күнін тойлап, думандатып жатыр екен...

Аяғынан тозып, гауһар жүзік сатып алуға ақша таба алмаған Қаламқас жап-жарық күнде адасып, шіліңгір шілдеде жаурап отырған жолаушыдай кемсеңдеп жылап жіберді...

Бибігүл Бөбекбай





№9 (66) қыркүйек 2021 жыл



Өзен 8

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Құттықтау

Қадірлі Оңай Түрікменбайқызы!

Сізді мерейлі 60 жасқа толуыңызбен және құрмет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Өмірде кездескен қиындыққа мойымай, өндірісте жемісті еңбек ете жүріп, ел экономикасының өркендеуіне мол үлес қосқан Өзіңізді біз еңбекқор жан ретінде танимыз. Жаныңыз жадырап, құрметке бөленіп, абыройыңыз асқақтап, немере-шөберенің ортасында бақытты ғұмыр кешіңіз. Сізге Алла тағала бақытты да баянды ғұмыр, саналы ұрпақ нәсіп етсін! Аман жүріңіз, аяулы жан!



Құрметпен, №4 МГӨБ еңбек ұжымы


Ардақты

Қалдыбай Алымұлы!

Сізді 63 жасқа толып, құрмет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Мұнай саласының дамуына 44 жыл ғұмырыңызды арнаған Сіз жастарға ел мен жер үшін еңбек етудің жарқын үлгісін көрсете білдіңіз. Өндірістің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Өзіңізге компания басшылығы мен еңбек ұжымы дән риза. Деніңіз сау болып, Алла берген бала-шаға ортасында тамырын тереңге жіберген бәйтеректей жайқалып, ұзақ ғұмыр сүріңіз! Төріңізден той, қораңыздан қой кетпесін, қадірлі азамат!



Рухани азық



(1894-1938)

өз әңгімелері арқылы сол сұрапыл күндерді ащы әжуалап, сын садағына алған жазушы. Өз заманындағы асыра сілтеу мен қысық-қыңыр істерді өмір суреттері арқылы астарлап күлкі

Кітап-адамды өзгертеді

Назарыңызға аз да саз әңгімелер шебері Бейімбет Майлиннің топтамасын ұсынамыз. Майлинді парақтасаңыз, кешегі аласапыран күндер шындығы көз алдыңызға дөңгеленіп келе қалады. Бейімбет

етуші. Келеке етуші. Ақыр аяғында малға кім ие, дүниеге кім ие деген мәңгілік сауал ел басына туды. Бай барлығын жоқ етті. Кедей мол дүниеге ие бола алмады... Замана астан-кестен... Ешкім жауап бермейді, ешкім де кінәлі емес...

Бейімбет шығармасының құпиясы неде? Ол-уақыттың өз суретін, шынайы бейнесін бере білді...

Мәселен, «Айранбай» атты әңгімесіндегі етікші бейнесі бір жағынан күлкілі, бір жағынан мына өмірдің тым қатыгез, опасыз екендігін дөп басып көрсете білген. Айранбай өзінің жақыны Кемелбайдан бір кішкене қайыс сұрап ала алмаған соң, өзгеден не қайыр күтпек?!

Бейімбетті оқып отырып, адам арасындағы

теңсіздіктің куәсі боласыз... Біреу бай, ал енді біреу-кедей... Бай байлығына күпінеді, кедей кіжінуге тірлік кешеді. Кедейшілік адамға не істетпейді. Жоқшылық кісінің ақыл-ойын матап, көзін шелдендіріп, басын айналдырып қояды... Әлдінің істеген әр ісі оң, әлсіздің бар ісі де теріс. Бұны байқау үшін жіті көз керек, зерек ақыл керек, байқампаз ынта керек...

Талант иесі жаңа өкімет атын малданып, қазақ қатындарының тым еркінсуі, тайрандауы, ойына не келсе, соны айтуға бейімделе бастауы, қысқасы, елдегі бұрыннан қалыптасқан ізгі тәртіптердің бұзылуын ашына жеткізеді. Ол өз дәуірінің көзі мен құлағы бола білді... Оқыңыз, өкінбейсіз!

Қоғам айнасы

Кино-адамды өзгертеді

Назарыңызға режиссер Аамир Ханның «Жердегі жұлдызшалар» атты Болливуд фильмін ұсынамыз. Фильмде әнші жігіттер, биші қыздар, жүздеген адамға қарсы шығатын батыл жігітті кездестірмейсіз.

Фильм кейіпкері сегіз жасар Ишан Авасти атты ерекше, томаға тұйықтау бала өзгелер бірден қағып алатын дүниені бірден түсіне қоймайды. Қарапайым әрі пен санды үйрене алмайтын, бүгін жазғанын ертең ұмытып қалатын бала керемет сурет салады. Әйтсе де, мектеп бағдарламасының бір ғана суреттен тұрмайтыны белгілі. Баланың үлгерімі нашарлағасын әкесі оны арнайы мектеп-интернатқа береді. Жан дүниесі нәзік бала үшін бұл шешім өте ауыр тиеді. Бұл жерде де оны керемет мұғалімдер күтіп тұрған жоқ еді... Сабыр сақтар болсаңыз, киноның нағыз қызықты тұсы шамамен 35-40 минуттан кейін басталады. Интернатқа жаңадан келген мұғалім Ишанның қабілетін байқап, баланың тілін тауып, оны басқаша оқыта бастайды...

Көбіміз актер ретінде білетін Аамир Ханның өзі басты рөлді сомдайтын режиссерлық туындысына жоғары баға беруге болады. Киноны көріңіз. Өкінбейсіз...



Құрметті Жаңаөзен қаласы тұрғындары!

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласындағы өзекті мәселе-жұмыссыздық деңгейін төмендету және еліміздің, шетел жоғарғы оқу орнын, колледжін үздік аяқтаған қала жастарын қолдау мақсатында «Жас маман» бағдарламасына қатысуға шақырады. «Жас маман» бағдарламасы арнайы конкурс арқылы жастардың білімін тексеріп, жоғары білікті мамандарды іріктеп, «Өзенмұнайгаз» АҚ «аутсафтинг» ұйымдары арқылы жұмысқа қабылдауға негізделген.



Конкурсқа өтініштерді тіркеу 2021-жылдың қазан айының 31-жұлдызына дейін қабылданады.

«Жас маман» бағдарламасына қатысу үшін үміткерлерге қойылатын талаптар:

1. Жаңаөзен қаласының тұрғыны болуы;
 2. Жоғарғы оқу орнын (бакалавр, магистратура, аспирантура) күндізгі оқу формасында ҰЗДІК немесе жақын, алыс шет мемлекеттердің жоғарғы оқу орнын GPA шкаласы бойынша бағасы 3,0 ден төмен емес бітіргендігі жөнінде диплом иегері болуы;
 3. Жас деңгейі 35 жастан жоғары емес;
 4. Жоғарғы оқу орнының рейтингісіне және ғылыми конкурстардың жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне басымдық беріледі;
- (Егер жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес үміткерлер табылмаған жағдайда «Өзенмұнайгаз» АҚ GPA шкаласы бойынша 3,0 тен төмен емес бағамен еліміздің жоғарғы оқу орнын және колледжді үздік дипломмен бітірген түлектер арасында таңдау жүргізуге құқылы.)

Қабылданатын мамандық бағыттары:

- 1) Геология және кен орындарды игеру, Мұнай-газ ісі;
 - 2) Мұнайгаз кәсіпшілік жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу (механик);
 - 3) Экономика, бухгалтерлік есеп, қаржы.
- Іріктеуден сәтті өткен үміткер «Өзенмұнайгаз» АҚ «аутсафтинг» ұйымдарына жұмысқа қабылданады.

«Жас маман» бағдарламасы бойынша толық ақпаратты ozen.kz сайтында «Жас маман» батырмасын басып, кіру арқылы білуге болады.

* Оймақтай ой

«Құдайдың маған берген бір мінезі кімде-кім менің Отаныма тіл тигізіп жатса, жайыма қарап тұра алмаймын».

Әзиз Несин
(түрік жазушысы).



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш, 3-үй, 426-кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №15077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекен-жай: Psdso@umg.kmgp.kz
Журналист **Айнагүл Күшікбай**
Пошталық мекен-жай: zhzh-zhurnal@mail.ru
Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«АртДизайн» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ша,
«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
айына бір рет шығады



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>